

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨСІП-ӨРКЕНДЕУІ МЕН
ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН:**

**біз елдің әрбір азаматының өмірін
қалай жақсартамыз**

**«НҰР ОТАН» ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ
ХАЛЫҚТЫҚ ТҰҒЫРНАМАСЫ**

Астана, 2007 жылғы шілде

«Нұр Отан» Халықтық демократиялық партиясының сайлауалды тұғырнамасы

2007 жылғы 4 шілдеде «Нұр Отан» Халықтық демократиялық партиясының кезектен тыс XI съезінде қабылданды

2007 жылғы 18 тамызда Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне сайлау өтеді. Бұл күні біздің бәрімізге, қазақстандықтарға, еліміздің болашағы үшін маңызды саяси таңдау жасау күтіп тұр.

Сайлау жаңа ережелер бойынша өтетін болады: сіздер енді өз кандидаттарының бірыңғай тізімін сайлаушыларға ұсынатын партиялардың біріне өз дауыстарыңызды бере аласыздар.

Бұл біздің еліміз үшін **тарихи** сәт және сіздерді, құрметті қазақстандықтар, өз таңдауларыңызды ойланып барып, саналы түрде жасауға шақырамыз.

Өздеріңіз білесіздер, «Нұр Отан» партиясы нағыз халықтық партия болып табылады. Бүгінгі таңда біздің қатарымызда 700 мыңдай дерлік қазақстандық бар. Біз көшбасшымыз, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың барлық қазақстандықтардың әл-ауқаты үшін еліміздің әлеуметтік-экономикалық жедел дамуына әрі дәйекті демократиялануына бағытталған стратегиялық ұстанымын қолдаймыз.

«Нұр Отан» - бұл өз ұмтылысын жасына, кәсібіне, әлеуметтік, ұлттық немесе діни тиістілігіне қарамастан еліміздің барлық азаматтарының мүдделерін қорғауға бағытталған жалпыұлттық партия.

БІЗДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ БЕН ОДАН АРҒЫ МАҚСАТТАРЫМЫЗ

Өзіміз таңдаған даму жолының дұрыстығын соңғы парламенттік сайлаудан кейінгі өткен жылдар ішіндегі Қазақстан қол жеткізген есте қаларлықтай табыстармен дәлелдеуге болады. «Нұр Отан» партиясының 2004 жылы жарияланған көптеген бағдарламалық ұстанымдары өмірге енді, қалғандары еніп жатыр.

Осы жылдар ішінде еліміз Қытай, Ресей және Үндістан сияқты мемлекеттермен иық теңестіре отырып, **экономиканың аса жоғары қарқынды өсімін** паш етті. 2007 жылы ішкі жалпы өнім халықтың жан басына шаққанда 2004 жылмен салыстырғанда **2 еседен асып, 7**

мың долларға жетеді және **90-шы жылдардың ортасына карағанда 10** есе артық болады. Бұл көрсеткіш бойынша біз Шығыс Еуропа мемлекеттерінің деңгейіне жақындадық.

Осыдан үш жыл бұрын, сайлауға бет бұра отырып, «Нұр Отан» партиясы өзінің стратегиялық міндеттерін қазақстандық **Ұлттық Өмір Сапасының Стандарттарын** қалыптастыру деп жариялады. Біз ішкі жалпы өнімді екі еселеу арқылы іс жүзінде мемлекеттің әлеуметтік шығыстарын екі еселеуге, сөйтіп, өмір сапасын екі еселеуге қол жеткізуге уәде бердік. Бүгінгі таңда мұндай стандарттардың негізі қаланды, ал экономикамыздың табыстары халықтың әл-ауқатын ұдайы әрі бұлжытпай көтере беруге жәрдемдесіп отыр.

Экономикалық өсімнің жоғары қарқынына қол жеткізе отырып, мемлекет **халық өмірін жақсартуға аса зор ресурстар** бағыттай бастады. Зейнетақылар, еңбекақылар мен жәрдемақылар тұрақты түрде өсуде. Жыл өткен сайын, оларға өмір сапасын ұдайы жақсартып, болашаққа батыл жоспарлар жасауға мүмкіндік беретіндей, азаматтардың табыстары да өсе түсуде.

Біз 2009 жылға қарай **денсаулық сақтауды, білім алу мен ғылымды** қаржыландыруға бюджеттік шығыстарды **2 есеге** ұлғайту қажеттігі туралы айтқан болатынбыз. Қазір, 2007 жылдың өзінде-ақ, білім мен денсаулық сақтауға мемлекеттік шығыстар – **2,3 есеге**, ал ғылымды қаржыландыру - **2,2 есеге** өсті.

Біз тұрғын үй құрылысында жаңа саясатты іске асыру туралы Президент бастамасын қолдадық. 2006 жылы 1988 жылға карағанда **4,5 еседен астам** тұрғын үй пайдалануға берілді.

Біздің партия экономиканы **әртараптандыру мен оның шикізаттық бағыттан шығуы** үшін жұмыс істеп келеді. Бұл бағдарламалық ұстаным табысты іске асырылуда. Қазіргі сәтте экономикамыздағы қызмет көрсетулер өндірісінің үлесі **52%-ға дейін** өсті.

Біз **2015 жылға дейінгі елдің индустриялық-инновациялық даму стратегиясын** іске асыруда Мемлекет басшысы мен Үкіметке жан-жақты жәрдемдесуге уәде бердік. Тек соңғы үш жылдың ішінде ғана 615 кәсіпорын қолданысқа енгізілді. Үкімет алғаш рет отандық ірі кәсіптің белсенді қатысуымен 30 корпоративтік көшбасшы - экономиканы әртараптандыру бағдарламасын іске асыруға кірісті. Бұл бағдарлама елдің барлық өңірлерінде бастау алды. Жүзден астам жобаны іске асыру туралы

жарияланды. Қазақстан қазіргі заманғы технологияны дамытушы, перспективалы қайта өңдеуші өнеркәсібі бар елге айналды.

Біздің партия елдің **банктік-қаржылық саласының серпінді дамуына** қол жеткізу ниеті туралы айтқан болатын. Қазір бұл саланың табыстылығы сонша, ол ТМД елдері үшін үлгі болуға лайық.

Мемлекеттің алтын валюталық резервінің көлемі, Ұлттық қор активтерін қоса алғанда, осы жылы **40 миллиард доллардан асты**.

Біз ұлттық экономика дамуының маңызды факторы ретінде **аграрлық секторға** баса назар аударуға міндеттендік. Бұл міндет бірте-бірте орындалып келеді, ал ауылдарда меншік иелерінің кең ауқымы қалыптаса бастады.

Біз шағын және орта кәсіпкерлікке жан-жақты қолдау көрсету қажеттілігі туралы айтқан болатынбыз. Бүгінгі таңда шағын және орта кәсіпкерлік өндіретін өнім мен қызмет көрсетулердің көлемі **2 есеге** өсіп, **ішкі жалпы өнімнің** құрылымында **30%-дан** астамды құрап отыр.

Елде **орта таптың** тұрақты табыс деңгейі бар, білімге инвестиция сала алатын, тұрғын үй жағдайын жақсартқан, банктегі салымдарын ұлғайтып, ертеңіне сеніммен қарайтын қазақстандықтардың қалыптасу процесі күш алып келеді.

Қол жеткен экономикалық базаға сүйене отырып, 2004 жылы «Нұр Отан» партиясы өзінің сайлауалды күн тәртібінде 2009 жылға дейін **қоғамды одан әрі демократияландыру жөнінде бірқатар басым бағыттарды** айқындады. Қазіргі таңда ел демократияға қарай шешуші қадам жасады. Конституцияға таяуда қабылданған түзетулер біздің саяси жүйеміздің дамуына, оның сапалы жақсаруына қуатты серпін береді.

Біз **Парламент пен мәслихаттар өкілеттіктерінің елеулі күшеюіне** қол жеткіздік. Іс жүзінде осы бағытта бұдан үш жыл бұрын біз жариялаған барлық міндеттер бүгінгі күндері орындалып та қойды. Парламенттің екі палатасындағы депутаттар саны өсті, Қазақстан халқы Ассамблеясы үшін депутаттық квота енгізілді, Мәжілістің Үкімет қызметін қалыптастыру мен оны бақылау жөніндегі өкілеттіктері кеңейтілді. Мәслихаттардың рөлі айтарлықтай күшейді, олардың өкілеттік мерзімдері 5 жылға дейін созылды, тиісті мәслихаттардың келісімімен әкімдер тағайындау жөнінде норма енгізілді, мәслихаттың әкімге сенімсіздік білдіру рәсімі оңайлады.

Біз саяси партиялардың ел өміріндегі рөлін **күшейту** жағына қарай үлкен қадам жасадық. Сайлаудың пропорционалдық жүйесі, Премьер-Министрді парламенттік көпшілік партиясының келісімі бойынша тағайындау, мемлекеттік қаржыландыру, Парламентте партиялық фракцияларды күшейту – мұның бәрі де партиялық жүйе

мен партиялардың өздерінің айтарлықтай нығаюына жәрдемдесетін болады.

«Нұр Отан» партиясы **сот пен құқық қорғау жүйелерін реформалауды** тереңдету және **азаматтық қоғам институттарын** дамыту үшін жұмыстар жүргізді. Бұл салалардағы ахуал айтарлықтай жақсарды.

Біз мәдениеттер мен өркениеттердің үндесуін кеңейтуге, Қазақстанды конфессияаралық және өркениетаралық үнкосудың әлемдік орталығына айналдыруға шақырдық. Бүгінгі таңда біздің конфессияаралық бітімгершілік пен келісімдегі тәжірибемізді халықаралық «өркениеттер үндесуінің үлгі боларлық моделі ретінде» танып отыр, ал **Астана** қазірдің өзінде-ақ Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің екі съезі өткен, **дінаралық қарым-қатынастың әлемдік орталығына айналды.**

Әлемде Қазақстанды прогрессивтік экономикалық моделі бар әрі ойластырылған саяси реформалар жүргізіп отырған, **қалыптасқан, табысты дамып келе жатқан мемлекет** ретінде біледі.

Қазақстанның осы барлық жетістіктері көбіне-көп елді жаңғырту мен демократияландырудың неғұрлым сенімді стратегиялық жолын айқындай білген партиямыздың көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев қызметінің арқасында мүмкін болды.

* * *

Халықтың таяудағы бес жылға арналған ең басты сайлауының қарсаңында біз **әрбір азамат үшін түбегейлі әлеуметтік кепілдіктері бар өсіп-өркендеген экономика** құру жолынан айнымайтындығы туралы мәлімдейміз. Бүгінгі таңда біздің ең басты мақсатымыз **қол жеткен табысымызды сақтап, одан әрі дамыта беру** болып табылады.

Бұл үшін мыналарды жасау керек:

Бірінші. **Әрбір қазақстандықтың өмір сүру сапасын және қоғамның барлық жігінің әлеуметтік әл-ауқатын арттыру.**

Екінші. Қазақстанда **жоғары технологиялы, бәсекеге қабілетті экономиканың** негіздерін қалау.

Үшінші. **Саяси жүйенің орнықтылығы мен теңгерімділігін нығайту.**

Төртінші. **Қоғамда тұрақтылықты сақтау, жоғары азаматтық белсенділікті** көтермелеу мен **қазақстандық патриотизмді нығайту.**

Бесінші. **Қолайлы ішкі саяси жағдайларды сақтау және ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тиімді сыртқы саясат жүргізу.**

Біз бұған қалай қол жеткізуді білеміз!

«Нұр Отан» партиясы қазақстандықтарға дамудың өз жолын ұсынады:

**ЖОҒАРЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ
БЕЛСЕНДІ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТЫ НЕГІЗІНДЕ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ИГІЛІГІН ЖАҚСARTY.**

Мұндай жол даңғыл емес және біздің партия сайлауға мынадай нақты іс-қимыл бағдарламасымен барады -

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨСІП-ӨРКЕНДЕУІ ЖӘНЕ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ИГІЛІГІ:**

біз елдің әрбір азаматының өмірін қалай жақсартамыз

Бұл - біздің сайлауалды тұғырнамамыз, онда еліміздің болашақ дамуын қалай көргіміз келетіні айтылған. Онда таяудағы бес жыл ішінде шешімін табуға өзіміздің барлық күш-жігерімізді жұмсайтын міндеттер айқындалған.

Біздің сайлауалды тұғырнамамыздың міндеттері «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауының қағидаларын іс жүзінде жүзеге асыруға бағытталған. Сайлауда жеңіске жеткен жағдайда біздің сайлауалды тұғырнамамыз Үкіметтің таяудағы 5 жылға арналған іс-қимыл бағдарламасының негізіне айналатын болады.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ТАБЫСЫНЫҢ ӨСІМІ

Экономиканың өсімін әрбір қазақстандық өз өмірінен байқауға тиіс.

Біз:

- халықтың орташа айлық табысының деңгейін 2 еседен артық ұлғайтуға;

- еңбекақының ең төменгі мөлшерін, инфляция деңгейінің алдын орай отырып, ұдайы өсіріп отыруға;

- мұғалімдердің, дәрігерлердің және бюджеттік саланың басқа да қызметкерлерінің лауазымдық айлық ақысын кемінде 2 есеге көтеруге;

- жергілікті атқарушы органдарға ең төменгі өмір сүру деңгейінің мөлшері орташа республикалық көрсеткіштен төмен аймақтарда тұратын мұғалімдер, дәрігерлер мен бюджеттік саланың басқа да қызметкерлері үшін бірыңғай тіркелген сомалар төлеу кұқығын беруге;

- банктік жинақтардың сақталуы мен өсіміне кепілдік беруге;

- қазақстандық қоғамдағы орта тап үлесін 45-50% -ға дейін ұлғайтуға;

- біздің азаматтарымызда инвестициялардан, бағалы қағаздарды басқарудан және тағы сол сияқтылардан қосымша табыс көздерінің болуына қол жеткізуге тырысатын боламыз.

Елдің байлығы оның азаматтарының ырыс-берекесіне негізделген!

БАҒАНЫҢ ӨСУІН ШЕКТЕУ, ИНФЛЯЦИЯҒА ҚАРСЫ КҮРЕС

Тауарлардың қымбаттауы мен инфляцияның қазақстандықтардың табысын жұтып қоюына жол беруге болмайды.

Біз:

- инфляцияны жылына қатаң шектерде ұстап тұруға ықпал ететін;

- тұтыну өнімдерінің негізі түрлеріне - азық-түлікке, жанар-жағар майға және тағы басқаларына баға белгілеу процесінің ашықтығын қамтамасыз ететін;

- табиғи монополиялар қызметін бақылайтын және олардың тарифінің көтерілуіне жол бермейтін;

- ішкі нарықта бәсекелік ортаның дамуын ынталандыратын боламыз.

Біз бағаның өсуіне қарсы қалай күресуді білеміз!

ХАЛЫҚҚА МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ЖАҚСARTY

Медициналық қызмет көрсетулердің сапасын әлемдік стандарттар деңгейіне дейін көтеру және оларды адамдар үшін қолжетімді ету қажет.

Біз:

- медицинаны қаржыландыру шығыстарын екі еседен астам ұлғайтуға;

- денсаулық сақтаудың 150 жаңа объектісін - ауруханалар, емханалар, ғылыми-клиникалық орталықтар салуға;

- ауылдарда кемінде 300 үлгілік дәрігерлік амбулаториялар салып, олардың қызметкерлеріне тұрғын үйлер беруге;

- денсаулық сақтау ұйымдары үшін кемінде 100 миллиард теңге сомасына жаңа қазіргі заманғы медициналық құрал-жабдықтар сатып алуға;

- Қазақстанның әрбір облысында күрделі операциялар жасайтын жоғары технологиялы көпсалалы медициналық орталықтар құруға;

- барлық тұрғындар үшін ақысыз медициналық көмектің кепілді көлемін кезең-кезеңімен кеңейтуге;

- медициналық қызметкерлердің қателік жібергені және кәсіби бейімсіздігі үшін жауапкершілікті күшейтуге, дәрігерге қаралушылардың құқықтарын қорғауға және білікті медицина қызметкерлерін қолдауға;

- қазақстандықтар өмірінің орташа ұзақтығын өсіруді қамтамасыз ететін нақты шаралар қабылдауға;

- АҚТҚ – жұқпасының таралуын шектеуге және АҚТҚ-ЖҚТБ-мен ауыратын адамдардың өлім деңгейін төмендетуге;

- озық медициналық технологияларды енгізу есебінен туберкулезбен, сондай-ақ басқа да әлеуметтік мәні бар аурулардың тарауы аурушылық мен одан қазаға ұшырау көрсеткіштерін төмендетуге қол жеткізетін боламыз.

Адамдардың денсаулығы – біздің басты басымдығымыз!

ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

Зейнеткерлерді қамсыздандыру жүйесін ұдайы дамыту қажет.

Біз:

- зейнетақының орташа мөлшерін 2,5 есеге ұлғайту;

- мемлекеттік базалық зейнетақы мөлшерін өмір сүрудің ең төменгі деңгейінің 50%-ға дейін жеткізу;

- неғұрлым зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін азаматтар үшін жұмыс берушілердің кәсіби зейнетақы жарналарын міндетті ету;

- зейнетақының орнын толтыру мөлшерін халықаралық стандарттар деңгейіне - орташа еңбекақының 40%-ға дейін жеткізу, әрі қарай оның жалпыға танымал нормасын сақтау;

- зейнеткерлерді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесін дамыту;

- жинақтаушы қорлардан зейнетақылық төлемдер жүйесін жетілдіру, зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдік беру, зейнетақы қорларының кірістілігін арттыру үшін жағдайлар жасау үшін барлық күш-жігерімізді салатын боламыз!

Әрбір зейнеткер - лайықты қамқорлыққа бөленсін!

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ

Мемлекет әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін тұрақты жетілдіріп отыруға тиіс.

Біз:

- балаларға, көп балалы аналарға, мүгедектерге атаулы әлеуметтік көмекті бақылауға алуға;

- әлеуметтік жәрдемақылар көлемінің ұдайы ұлғайып отыруына, оның ішінде Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін арнайы мемлекеттік жәрдемақы мөлшерін тұрақты арттыруға қол жеткізуге;

- қоғамның неғұрлым әлжуаз жіктерінің өмірін жақсартуға бағытталған «Мүгедектерді қамқорлыққа алу», «Қарияларды қамқорлыққа алу» бағдарламаларын жүзеге асыруға;

- әрбір облыста халықаралық стандарттарға сай келетін, аймақтық Мүгедектер мен мүгедек балаларды сауықтыру орталығын құруға қол жеткізуге;

- Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тылда еңбек еткендерді, жергілікті соғыстар мен жанжалдарға, Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысушыларды, қарулы күштер мен құқық қорғау органдарының ардагерлерін әлеуметтік қолдау жүйесін дамытуға;

- әлеуметтік қорғау жүйесіне жекеше секторды тарту үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етуге ниеттіміз.

Бір де бір мұқтаж жан көзден таса қалмасын!

АНА МЕН ОТБАСЫН ҚОЛДАУ

Мемлекет ана мен отбасы мәртебесін қорғауды нығайтуға тиіс. Елдің орнықты дамуы онсыз мүмкін емес, халықтың табиғи өсіміне тек осылай ғана қол жеткізуге болады.

Біз:

- бір жасқа дейінгі бала күтімі үшін берілетін жәрдемақылар мөлшерін кемінде 2,5 есеге көтеруге;

- 4 және одан көп баланың туылуына байланысты берілетін жәрдемақы мөлшерін ұлғайтуға;

- 18 жасқа дейінгі мүгедек балалары бар аналар/әкелер үшін жәрдемақы енгізуге;

- елде кемінде 200 балабақша салуға қол жеткізуге;

- ана мен бала өлімі көрсеткіштерін төмендету үшін шаралар қабылдауға;

- баланың тууына арналған жәрдемақы мөлшерін тұрақты негізде ұлғайтуға;

- мектеп оқушыларының бос уақыттарын өткізу жүйесін дамытуға: клубтар, спорттық секциялар және т.б. ашуға бар күш-жігерімізді бағыттаймыз.

Орнықты отбасы - ұлт орнықтылығының кепілі!

ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мемлекет барлық азаматтардың лайықты жұмыспен қамтылуына мүмкіндік беруге ұмтылуға тиіс. Халықтың барынша жұмыспен қамтылуына қол жеткізу керек.

Біз:

- жұмыссыздықты төмендетуге;
- жыл сайын 100 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын ашуға қол жеткізуге;
- әлеуметтік және арнайы жұмыс орнындарын ұйымдастыру, халықтың жұмыспен қамтылмаған бөлігі үшін кәсіби даярлау практикасын кеңейтуге;
- іскерлік белсенділікті көтермелеуге, әкімшілік кедергілерді жоюға ниеттіміз.

Әрбір қазақстандық лайықты жұмыспен қамтамасыз етілсін!

ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫН ТИІМДІ ҚОРҒАУ

Елдегі еңбек жағдайын тұрақты жақсарту қажет. Еңбек қауіпсіз болуға және оған жақсы ақы төленуге тиіс.

Біз:

- кәсіподақтар мен еңбек бірлестіктерінің қызметіне жан-жақты қолдау көрсететін, сондай-ақ олардың дамуына ықпал ететін;
- жұмыс берушілердің өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жауапкершілігін арттыратын, еңбекті қорғау ережелерін бұзғаны үшін жазалау шараларын қатайтатын;
- бірінші кезекте жергілікті халықтың мүддесін ескере отырып, ішкі еңбек нарығын қорғайтын, тек жоғары кәсіби кадрларды ғана тартуға басты назар аудара отырып, шетелдік жұмыс күшін тарту жөніндегі жұмысты жүйелендіретін боламыз.

Еңбек құқықтарын қорғау - біздің негізгі басымдығымыз!

БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ

Қазақстандық білім беруді әлемдік стандарттарға жақындату керек: ол алдыңғы қатарлы және қолжетімді болуға тиіс.

Біз:

- білім беру саласын қаржыландыруды кемінде 2 есе ұлғайтуға;
- кемінде 250 жаңа мектеп, 50 кәсіби-техникалық оқу орнын салуға;
- профессор-оқытушылар мен мұғалімдер құрамының материалдық жағдайының, әлеуметтік мәртебесінің және еңбек жағдайларының ұдайы жақсаруына;
- Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының халықаралық деңгейде аккредитациялануына;

- әлемдік тәжірибеде қолданылатын, кәсіби білім берудің сертификатталған оқу бағдарламаларын енгізуге қол жеткізуге ниеттіміз.

Елге кәсіби мамандар қажет!

ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мемлекет азаматтардың арзан да сапалы тұрғын үйге қол жеткізуі үшін бар күш-жігерін салуға тиіс.

Біз:

- таяудағы бес жылда елде жыл сайын кемінде 9 миллион шаршы метр тұрғын үйдің салынуына қол жеткізуге; 2012 жылдың соңына барлығы 50 миллион шаршы метр жаңа тұрғын үй салынып, сөйтіп, кемінде 2,5 миллион қазақстандықтың баспана алуына;

- қолжетімді әрі жалға берілетін тұрғын үйлердің салынуы мен бөлінуіне бақылауды күшейтуге;

- жеке үй құрылысын дамытуды, бұл ретте азаматтардың жеке тұрғын үй құрылысы үшін көбірек мүмкіндіктерді қамтамасыз етуді ынталандыруға;

- жер учаскелерін бөлу рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етуге;

- құрылыс пен құрылыс объектілеріне қызмет көрсету сапасын арттыру, тұрғын үйді тапсыру мерзімдерінің орындалу мәселелерін бақылауға алуға;

- жылжымайтын мүлік және олармен мәмілелер жасасу құқықтарын мемлекеттік тіркеу жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ жылжымайтын мүлікті бағалаудың тиімді әдісін әзірлеуге ниеттіміз.

Ешкім де баспанасыз қалмауға тиіс!

КОММУНАЛДЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Өмір сапасы сумен, жылумен, газбен, жарықпен және байланыспен қамтамасыз етуге тікелей байланысты.

Біз:

- коммуналдық қызмет көрсетулерді жеткізушілердің қызметін Мәжіліс пен маслихаттардағы өзіміздің депутаттарымыз арқылы ұдайы бақылауды және мониторинг жүргізуді жүзеге асыратын;

- коммуналдық тарифтердің негізсіз көтерілуіне жол бермейтін;

- жергілікті атқарушы органдардың жұмысын бақылайтын және пәтер иелері кооперативінің тіршілікті қамтамасыз ету жүйесін жұмыс жағдайында ұстауды қолдау жөніндегі қызметін жетілдіретін;

- коммуналдық қызметтердің жолдарды, тротуарларды, жылу трассаларын және т.б. жөндеу мен жанарту жөніндегі жұмыстарын қадағалайтын боламыз.

Дамыған коммуналдық инфрақұрылым - жабдықталған алаңсыз өмір!

ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫ ДАМУ- АЙМАҚТАРДЫ ДАМУ

Мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқарудың негізіне айналды. Жергілікті деңгейдегі проблемаларды, мұны бәрінен де жақсы жолға қоя алатын, биліктің жергілікті органдары шешуге тиіс.

Біз:

- «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заңның және Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының қабылдануын;

- жергілікті атқарушы органдардың халық алдында есептілігін күшейтуді жақтаймыз.

Жергілікті жердегі өз өкілдеріміз арқылы біз:

- ауылдық әкімдер, мемлекеттік функцияларды орындаумен қатар, жергілікті өзін-өзі басқарудың міндеттерін де шешуін;

- жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржылық қаражаты ел Конституциясы мен заңдары арқылы оларға берілген өкілеттіктермен мөлшерлес болуын;

- жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің, атқарылған жұмыс туралы халықты тұрақты хабардар етіп отыру негізінде, ашық сипат алуын бақылайтын әрі соған қол жеткізетін боламыз.

Жергілікті проблемалар жергілікті жерде шешілуге тиіс!

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН ЫМЫРАСЫЗ КҮРЕС

Сыбайлас жемқорлықпен тиімді күрес - елдің орнықты дамуының аса маңызды шарты.

Біз:

- сыбайлас жемқорлықпен күресті адамдар мен лауазымдарға қарамастан барлық деңгейде қатайтуды, параны алғаны үшін ғана емес, сондай-ақ делдалдық жасағаны және бергені үшін де жауапкершілікті күшейтуді;

- сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін мемлекеттік ұйымдарда кез келген лауазымды атқаруға өмір бойы тыйым салуды енгізуді;

- жұртшылық үшін ашық болатын «сыбайлас жемқорлар» деректер банкінің жасалуын;

- барлық деңгейдегі атқарушы органдар қызметінің ашықтығын арттыруды, мемлекеттік органдар қызметінің қорытындысы бойынша есептердің жыл сайын жарияланып отыру тәжірибесін енгізуді;

- бүкіл ел бойынша қажетті мөлшерде Халыққа қызмет көрсету орталықтарының ашылуын, «электрондық үкімет» пен «электрондық әкімдіктердің» одан әрі дамытылуын жақтаймыз. Бұл азаматтардың шенеуніктерге тәуелділігін азайтып, сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын түбегейлі қысқартады;

- мемлекеттің бақылау-қадағалау функциялары мен мемлекеттік бақылаушы органдар санын одан әрі қысқартуды;

- барлық заңнамалық және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер жобаларын сыбайлас жемқорлыққа қарсылық сараптамасынан міндетті өткізу тәжірибесін енгізуді;

- қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған белсенді түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жақтаймыз.

Елдің барлық өңірлерінде бұл шаралардың орындалуы үшін бақылауды «Нұр Отан» партиясының филиалдары жүзеге асыратын болады.

Біз сыбайлас жемқорлыққа жаппай соғыс жариялаймыз!

Мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін арттыру

Әкімшілік реформа жүргізуді тездету мен Үкімет жұмысының тиімділігін ұдайы арттыруға қол жеткізу қажет.

Біз:

- басқарудың төрешілденуін төмендетуге, мемлекеттік аппарат құрылымын оңтайландыруға;

- мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығын әрі барлық Қазақстан азаматтарының олардың жұмысы туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

- «электрондық үкімет» қалыптастыру бағдарламасын жетілдіруге;

- мемлекеттік қызметшілердің кәсіби даярлығы мен кәсіби сапаларының деңгейіне талаптарды қатайтуға;

- мемлекеттік қызметшілердің қоғам мен мемлекет мүддесіндегі қызметін ынталандыру, мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын тұрақты түрде ұлғайтып отыру, олардың әлеуметтік қорғалу деңгейін көтеруге;

- Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар жұмысының, әрбір министр мен әкімнің жеке жауапкершілігінің тиімділігін арттыруға ұмтылатын боламыз.

Мемлекет халыққа қызмет етуге тиіс!

АЗАМАТТАРДЫ ҚЫЛМЫСТАН СЕНІМДІ ҚОРҒАУ

Азаматтардың жайлы өмірі мен қауіпсіздігі құқық қорғау органдарының сенімді де адал жұмыс істеуіне байланысты.

Біз:

– құқық қорғау органдарын қаржыландыру мен жарақтандыруды арттыруға, олардың қызметкерлерінің еңбекақыларын өсіру мен әлеуметтік кепілдіктер алуына қол жеткізетін боламыз. Мұнымен бір мезгілде біз тәртіп сақшыларының өз міндеттерін тиісінше орындауына деген жауапкершілігіне ең жоғары талап қоямыз;

– құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби және моральдық-адамгершілік сапаларына талаптарды елеулі түрде көтеруге;

– құқық қорғау органдары басшыларының халық алдында тұрақты түрде есеп беріп отыру тәжірибесін енгізуге;

– құқық қорғау органдары жанынан саяси партиялар, мәслихаттар, адвокатура, журналистер және басқалар өкілдерінің қатысуымен қадағалау кеңестерін құруға;

– қылмыстардан зардап шеккен азаматтарды олардың ісі бойынша тергеудің жүргізілу барысы туралы толық та уақтылы хабардар етуге;

– есірткі бизнесі мен есірткіні таратуға қарсы күреске бағытталған шараларды қатайтуға;

– заңсыз көші-қон деңгейін төмендетуге қол жеткізетін боламыз.

Қазақстандықтар өздерін қауіпсіз сезінуі және жеке басына, өз өмірі мен меншігіне қол сұғылмайтындығына сенімді болуы тиіс!

ЖОЛДАРДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Жолдардағы ахуалды түбегейлі өзгерту қажет, өйтпеген жағдайда бұл проблема ұлттық қатер ауқымын алмақ.

Біз:

- автомобиль апаттары мен адамдардың құрбан болу оқиғаларының санын төмендету мақсатында жол полициясы жұмысының тиімділігін арттыратын;

- елге «оң жақты рөлді» автомобилдерді әкелуге және алдағы уақытта оларды пайдалануға тыйым салудың сақталуына қол жеткіземіз. Алайда, өз машиналарын заңды жолмен алғандар оларды толықтай тозығы жеткенге дейін пайдалану мүмкіндігін алуы тиіс;

- жүргізушілердің өрескел ереже бұзушылықтары үшін жауапкершілігін қатайтуға;

- жол полициясындағы сыбайлас жемқорлықтың тамырын қиюға, ішкі бақылау қызметінің жұмысын жолға қоюға ереже бұзушылықтарды тіркеудің электрондық жүйелерін енгізуге;

- автомобиль жолдары мен жаяу жүргіншілер жолдарын мезгілінде жөндеуге және олардың сапасына тұрақты бақылау жасауға, қажетті барлық жол белгілерін, бағдаршамдарды орнатуға, тиісті сызықтарды жүргізуде, жаяу жүргіншілер өтетін жолдарды белгілеуге және тағы басқаларына;

- қалаларда, әсіресе Астана мен Алматыда автомобиль тұрақтарын, оларды қоятын жерлердің санын жеткілікті етіп салуға қол жеткіземіз.

Жолдардағы тәртіп - бұл біздің өміріміздің қауіпсіздігі!

СОТ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Әділ сот қоғамдағы тұрақтылықтың іргетасы болып табылады. Құқықтық мемлекет заң алдында жұрттың бәрі тең болатын заңның үстемдігіне негізделеді.

Біз :

- судьялар мен сот-атқару жүйесі қызметкерлерінің арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге;

- судьялар қызметіне кандидаттардың кәсіби және моральдық бейнесіне талапты арттыруға;

- сот жүргізуде алқа билерді қатыстыру, қылмыс пен қорғаудың бәсекелік принципін сақтау, адвокаттар рөлін арттыру салаларын кеңейтуге;

- соттар қызметінің ашықтығына қол жеткізуді, барлық жерде бірдей істерді автоматтандырылған бөлу жүйесін енгізуді, сот процестерін аудио және бейне жазбаларға түсіруді, сот отырыстарының дәлжазбаларына және сот шешімдеріне электрондық деректер базасы арқылы қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

- халықтың әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған санаттарына маманданған заң көмегін алу үшін мүмкіндікті кеңейтуге;

- сот жүргізуді оңайлату мен соттарды одан әрі мамандандыруға;

- сот шешімдерін созбаға салу және орындамау тәжірибесін жоюға қол жеткізуге ниет етеміз.

Сот әділ болса - елде тәртіп болады!

БІЛІМДЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУ

Экономикалық өсудің жоғары қарқынына оның бәсекеге қабілеттігін үнемі арттыру және білімдерге негізделген алдыңғы қатарлы экономикаға өту негізінде қол жетеді. Қазақстандық тауарлар мен қызмет көрсетулер жоғары сапаға ие болуы және шет елде сұранысқа ие болуы тиіс.

Біз:

- 2012 жылға қарай ІЖӨ көлемін 1,5 есеге, ал халықтың жан басына шаққандағы көрсеткіш бойынша - 13 мың АҚШ долларына көбейтуге;

- өндірістің шикізаттық емес секторын дамытуға және өңдеу өнеркәсібінің орташа жылдық өсу қарқынын кем дегенде 8 % деңгейінде

қамтамасыз ете отырып, экономиканы қарқынды әртараптандыруға, индустрияның базалық салалары - химияны, мұнай-химиясын, құрылысты, сондай-ақ энергетика мен ақпараттық технологияны одан әрі дамытуға;

- елде әлемдік жоғары дамыған бәсекеге қабілетті 5 қызметтер көрсету орталығын - қаржы, туристік, көлік-логистикалық, білім беру және сауда орталықтарын құруға;

- Қазақстанның индустриалдық-инновациялық дамуы үшін инвестициалық ахуалды жақсартуға, аймақтардың экономикалық өсуін жеделдетуге;

- отандық қаржы институттарының ресурстарын экономиканың нақты секторының мүдделеріне тиімді пайдалануға;

- бизнес үшін әкімшілік кедергілерді төмендетуге;

- қор нарығын дамытуға;

- мемлекеттік қажеттіліктер үшін мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіруге, электрондық сауданы енгізуге қол жеткізетін боламыз.

Бәсекеге қабілетті экономика - бәсекеге қабілетті ел!

ҒЫЛЫМДЫ ДАМУ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗІ

Жаңа экономиканың негіздерін қалыптасытыруға бағыт ұстай отырып, Қазақстан жоғары технологияның әлемдік нарығында өз орнын алуы тиіс.

Біз:

- ғылымды дамытуға мемлекет бөлетін қаражатты 3 еседен астам ұлғайтуға;

- басым ғылыми бағыттар бойынша бес ұлттық зертхана және инженерлік бейімдегі он бес университеттік зертхана құру мен нығайтуға;

- ғылыми зерттеулерге берілетін бюджет қаражатын ашық та әділ бөлуге;

- ғылыми жұмысқа еңбекақы төлеу деңгейін және оның беделін арттыруға, жас ғалымдардың карьерлік және кәсіби өсуі үшін жағдайлар жасауға, соның ішінде олардың тұрғын үй проблемаларын шешу есебінен жағдай жасауға;

- шет елден жоғары білікті ғылыми және инженерлік кадрларды тартуға;

- ғылымның өндіріспен байланысын нығайтуға, қазақстандық кәсіпорындарда отандық ғалымдар мен инженерлердің әзірлемелерін енгізуге;

- ғылымға ұлттық бизнес тарапынан қолдау көрсетілуіне қол жеткізбек ниеттеміз.

Озық ғылым - прогрестің кепілі!

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙЛАНАУДАН ТҮСЕТІН КІРІСТЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Өндіруші сектордан алынатын кірістер қазақстандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін серпінді экономикалық жобаларды дамытуға және іске асыруға бағытталады болады.

Біз:

- Ұлттық қор қаражаттарын пайдаланудың тиімділігін арттыруға;
- жерді, өзге де табиғи ресурстарды, олардың ренталық құнын ішкі және әлемдік нарықтар бағалары бойынша жыл сайын нақтылай отырып, есепке алу мен экономикалық бағалаудың жүйесін құруға;

- табиғат байлықтарын пайдалануға мемлекеттік және қоғамдық бақылауды күшейтуге, жер пайдаланушылардың жауапкершілігін арттыруға;

- Ұлттық компаниялар қызметінің ашықтығы мен тиімділігін, оларды басқарудың және жұмыс істеуінің тетіктерін заңды тұрғыдан бекітуді қамтамасыз етуге;

- мұнай өндіру және тау-кен металлургиясы салаларының ашықтығын қамтамасыз етуге ұмтылатын боламыз.

Елдің байлығын болашақ ұрпақ үшін сақтай берейік!

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

Елге серпінді дамушы шағын және орта кәсіпкерлік қажет. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстанның ішкі жалпы өнімнің үлесі кем дегенде 40 %-ын құрауы тиіс.

Біз:

- кәсіпкерлік мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге, әкімшілік кедергілерді жоюға;

- «рейдерлікке» тиімді тосқауыл қоятын заңдар қабылдауға;

- әкімшілік рәсімдер мен мемлекеттік органдардың бақылау функцияларын қысқартуға;

- шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін қаржылық-кредиттік қолдауға салық салу жүйелерін жетілдіруге;

- шағын кәсіпкерлік технология трансфертін қамтамасыз ету үшін заңдық базаны дамытуға;

- инженерлік коммуникацияларға қосылу жөніндегі шығындарды азайтуға қол жеткізетін боламыз.

Шағын және орта кәсіпкерлік - экономикалық дамудың тірегі!

АУЫЛДЫ ДАМУ

Ауыл жақсы жолдармен, жолаушы көлігімен, су және жылумен, жабдықтау жүйесімен, ауруханалармен, мектептермен, кітапханалармен, клубтармен және спорттық ғимараттармен қамтамасыз етілуі тиіс.

Біз:

- ауылдың инфрақұрылымын дамытуға, қазақстандық барлық ауылдарды сумен, байланыспен және сапалы жолдармен қамтамасыз етуге;

- ауыл адамдарына медициналық қызмет көрсетудің сапасын арттыруға, ауылдағы жедел медициналық көмек жұмысын жақсартуға;

- ауыл мектептеріне тұрақты қолдау көрсетуге;

- ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдейтін кәсіпорындарға жеңілдікпен несие беруді және ауыл шаруашылығы өндірісі сақтандыру жүйесін дамытуға;

- қазіргі заманғы ғылым мен техника жетістіктерін енгізу, жер өңдеудің озық әдістері негізінде ауыл шаруашылығы өндірісін тұрақты жаңғыртуға қол жеткізетін боламыз.

Әр ауылға - таза су, сенімді байланыс, жақсы жолдар және сапалы медициналық қызмет көрсетілсін!

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету - бұл біздің табыстарымыздың іргетасы және Қазақстанның одан әрі өсіп-өркендеуінің шарты. Біздің күшіміз мәдениеттердің бірлігі мен көп түрлілігінде.

Біз:

- заңнаманың қатаң сақталуына, ұлтаралық, конфессияаралақ және кез келген басқа да әлеуметтік алауыздықты қоздырудың, ұлтына немесе тіл ерекшелігі бойынша кемсітушіліктің кез келген әрекетінің жолын кесуге;

- Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы заң қабылдауға, осынау бірегей институт жұмысының бірінші кезекте аймақтық деңгейлерде белсенділігін арттыруға, ұлттық мәдени орталықтарды дамытуға жәрдемдесуге;

- ұлттық дәстүрлерді, мәдениеттерді, Қазақстанда тұратын барша этностардың тілдерін дамытуға мемлекеттік қолдау көрсетуді күшейтуге;

- мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге, бұл ретте ел азаматтарының конституциялық құқықтарына нұқсан келтірмеуге, үштағанды тіл саясатын жүргізуге;

- қоғамдағы келісім мен бірлікті нығайтуға бағытталған белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізуге, жастардың бойында

төзімділікті тәрбиелеуге, қоғамдық үйлесімді қалыптастыруға қол жеткізетін боламыз.

Елдегі бейбітшілік пен келісім - әр үйдегі молшылықтың кепілі!

ҚОҒАМДЫ ОДАН ӘРІ ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУ

Қазақстанда жүйелік саяси қайта өзгерулер аяқталып, біздің еліміз өз дамуының жаңа тарихи кезеңіне аяқ басты.

Біз:

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ұсынған саяси жүйені демократияландыру стратегиясын толық іске асыруға қол жеткізуге;

- орталық және жергілікті өкілетті және атқарушы биліктегі өз өкілдері арқылы сайлаушыларымыздың мүдделерін қорғауға және сақтауға;

- жеңіске жеткен жағдайда халықтың игілігіне қызмет ететін, экономикалық өсуді, қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін, осы тұғырнаманы іске асыратын жауапты Үкімет құруға;

- азаматтық бастаманы дамытуға, азаматтардың елді және аймақтарды басқаруға қатысу деңгейін кеңейтуге, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың жемісті жұмыс істеуіне жәрдемдесуге;

- азаматтардың құқықтарының сақталуына және мемлекеттік органдар жұмысына қоғамдық бақылау жүйесін дамытуға;

- үкіметтік емес ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының Қазақстанның саяси жүйесіндегі рөлін кеңейте және нығайта отырып, барша азаматтық қоғам институттары мен өзара белсенді іс-қимыл жасауға ниет етеміз.

Демократия - елдің орнықты дамуының кепілі!

МӘДЕНИЕТ ПЕН АДАМГЕРШІЛІКТІ ДАМУ

Қоғамның игілігі мәдени құндылықтарға, адамгершілік принциптерге және дәстүрлерге негізделген. Мәдениет пен өнерге қолдау көрсету партияның аса маңызды басымдықтарының бірі болып табылады.

Біз:

- мәдениетті қаржыландыруға бөлінетін қаражатты екі есеге ұлғайту;

- мәдениеттің бюджеттік ұйымдары қызметкерлерінің табысын кезең-кезеңмен арттыру;

- театрды, киноны, музыканы, әдебиетті, кескіндемені және өнердің барлық басқа да жанрларын дамытуды қолдау мен ынталандыру,

шығармашылық одақтар қызметіне мемлекет тарапынан жәрдем көрсету;

- өнер саласында балалар-жасөспірімдер білім беру мекемелерін қолдаудың шараларын күшейту, ауылдық жерлердегі кітапхана жүйесін, клубтарды қалпына келтіру мен дамыту;

- әдебиет пен өнердің болашағы бар қайраткерлеріне стипендиялармен және гранттармен қолдау көрсету;

- тарихи-мәдени, архитектуралық ескерткіштерді қалпына келтіру мен сақтауға бағытталған «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруды жалғастыру;

- продюсерлік және баспагерлік қызметті ынталандыру;

- порнографияны таратуға, зорлық-зомбылықты насихаттауға қарсы тұруды қатайту үшін күресеміз.

Қоғамның адамгершілік салауаттылығы жоғары мәдениет пен дәстүрлерге негізделген!

ТІЛ САЯСАТЫ

Мәдениет пен тілдердің көп түрлілігі - бұл Қазақстанның ұлттық байлығы. Бүгінде жалпы қазақстандық сәйкестілікті қалыптастыру мен барша қазақстандықтарды топтастыру үшін мемлекеттік тілдің мәртебесін белсенді түрде нығайту қажет. Біз қазақ, орыс және ағылшын тілдерін дамытуға ықпал ететін үш тұғырлы тіл саясаты үшін күресеміз.

Біз:

- тілдерді, бірінші кезекте қазақ тілін үйренудің балабақшалар мен мектептерде тіл үйретудің озық әдістемелеріне негізделетін тиімді жүйесін құруға;

- орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың іс қағаздарын жүргізуінде, бірінші кезекте халыққа қызмет көрсету саласына мемлекеттік тілді енгізуге;

- мемлекеттік тілді еркін де ақысыз меңгеруі үшін мемлекеттің азаматтарды барлық қажетті жағдайлармен қамтамасыз етуіне;

- әр облыста тілдерді үйретудің озық технологияларын енгізу жөніндегі мамандандырылған орталықтарды құруға;

- «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруға;

- Қазақстан халықтарының барлық тілдерін дамыту үшін жағдайлар жасауға қол жеткізетін боламыз.

Дұрыс тіл саясаты - қоғамдық тұрақтылықтың негізі!

ЖАСТАР САЯСАТЫ

Мемлекет жас қазақстандықтардың жақсы білім мен лайықты жұмысқа қол жеткізуі және өздерін істе танытуына мүмкіндік беру үшін барлық күш-жігерін жұмсауы тиіс.

«Нұр Отан» партиясы:

- мемлекеттік гранттар есебінен оқыған педагогикалық және медициналық жоғары оқу орындарының барлық түлектеріне «бірінші кезектегі жұмыс орнының» берілуіне;

- ауыл жастарының сапалы кәсіби білім алуға қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

- үш және одан көп бала туған жағдайда тұрғын үй несиелерін жабу үшін жас отбасыларына мемлекеттік демеуақылар берілуіне;

- ауылдық жерде барынша қажет жас мамандар үшін әлеуметтік пакет енгізуге қол жеткізетін болады. Оларда өнімді жұмыс үшін қажет жағдайдың бәрі - тұрғын үй, бастапқы кезеңдегі көтерме қаражат және т.б. болуы тиіс;

- салауатты өмір салты, темекіге, ішімдік пен есірткіні пайдалануға қарсы бағытталған насихат жөніндегі жұмысты елеулі түрде күшейтуге қол жеткізетін болады.

Жастар – біздің болашағымыз!

ҚОЛАЙЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ОРТА ҚҰРУ

Экология саласында қоршаған ортаны қорғауға және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған бірыңғай мемлекеттік саясат қалыптастыру және дәйекті іске асыру қажет.

Біз:

- еліміздің барлық халқының таза ауыз сумен қамтамасыз етілуіне, «Ауыз су» бағдарламасы шеңберіндегі іс-шараларды іске асыруға бөлінетін қаражаттың пайдаланылуына бақылауды күшейтуге;

- табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды ынталандыруға;

- шаруашылық қызметі нәтижесінде келеңсіз экологиялық салдарлардың алдын алуға;

- табиғат қорғау технологияларын, азаматтарға экологиялық білім мен тәрбие беруді мемлекеттік қолдауға және дамытуға;

- экологиялық ақпараттың ашықтығына және міндетті экологиялық аудиттің енгізілуіне;

- мемлекеттік және қоғамдық экологиялық сараптаманың рөлін күшейтуге, жобаларға, технологияларға және мемлекеттік бағдарламаларға сараптаманы қоса алғанда, оның жұмысының тетіктерін жетілдіруге;

- энергияның қайталама көздерін пайдалануды мемлекеттік ынталандыруға;

- өнеркәсіптік кәсіпорындар тарапынан экологиялық нормалардың сақталуына талапты қатайтуға;

- Қазақстан аумағында орналасқан Семей, Арал және басқа «экологиялық зардаптар аймағын» сауықтыруға;

- экологиялық-этнологиялық парктер құруға;

- отынның сапасына талапты арттыру есебінен автомобиль көлігінің шығарындылар деңгейін төмендетуге ;

- ресурс жинақтау бағдарламаларын іске асыруға қол жеткізетін боламыз.

Әрбір қазақстандық экологиялық қолайлы жағдайда өмір сүретін болсын!

ЕЛДІҢ ҚОРҒАНЫС ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ

Еліміз берік түрде қорғалуы тиіс. Біздің қауіпсіздігіміздің негізі - бейбіт сыртқы саясатымыз бен қорғаныс жеткіліктілігі.

Біз:

- Қазақстанның бейбіт сыртқы саясат доктринасын;

- мемлекеттің ұлттық, аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі іс-қимылын;

- Қазақстанның Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының ең үздік әлемдік стандарттар негізінде дамытылуын;

- біздің еліміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғауға дайындықты арттыруды;

- біздің және ұжымдық қауіпсіздікке қыр көрсетулер мен қатерлерге қарсы лайықты іс-қимыл жасау үшін халықаралық әскери ынтымақтастықты дамытуды;

- біздің әскерімізді қазіргі заманғы қару-жарақпен және әскери техникамен жарақтандыруды;

- қорғанысты жоспарлау мен басқару процесіне жаңа технологиялар енгізуді;

- әскердегі құқық тәртібі мен тәртіпті нығайтуды;

- әскери кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру негізінде Қарулы Күштердің кадрлық әлеуетін күшейтуді;

- әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері үшін тұрғын үй мәселесін шешуді қоса алғанда әскери қызметтің ерекше жағдайларына барабар әлеуметтік пакет қабылдауды;

- әскери қызметтің беделін көтеруді;

- қазақстандық жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруді жан-жақты қолдайтын боламыз.

Бейбіт саясат пен қуатты әскер - елдің қауіпсіздігінің кепілі!

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЙМАҚТАҒЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДЕГІ ТҰҒЫРЫН НЫҒАЙТУ

Қазақстанның гүлденуі тек тұрақтылық, қауіпсіз және дамушы әлемде ғана мүмкін болады. Бұл үшін біз өзіміздің стратегиялық әріптестерімізбен екі жақты ынтымақтастықтың аса зор әлеуетін пайдалануға және дамытуға тиіспіз.

Біз:

- Қазақстан мен Ресейдің, Орталық Азия елдерінің арасында тауарлардың, қызмет көрсетулер мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы үшін қолайлы жағдайлар жасауға;

- Қазақстанның, Ресейдің және Орталық Азия елдерінің азаматтары ортақ шекаралардан өту кезінде қазіргі шекаралық және кедендік рәсімдерді оңайлатуға;

- қазақстандық ірі компаниялардың ресейлік және орталық-азиялық нарықтың тартымды секторларына ілгерілеуіне;

- Ресеймен инновациялық секторларда екі жақты экономикалық өзара іс-қимыл саласын кеңейтуге;

- зияткерлік, ғылыми және мәдени салаларда қазақстандық-ресейлік өзара тиімді нақты ынтымақтастыққа;

- АҚШ-пен, Еуропалық Одақ елдерімен, Қытаймен тиімді экономикалық және саяси өзара іс-қимылдың жаңа нысандарын іздеуге;

- есірткі тасымалы, заңсыз көші-қон, халықаралық терроризм мен экстремизм проблемаларын шешуде сапалы жаңа қағидағтар тұжырымдауға ықпал ететін боламыз.

Біз тұрақты дамитын қауіпсіз әлемдегі қуатты Қазақстан үшін күресеміз!

БІЗ НЕ ІСТЕЙТІНІМІЗДІ БІЛЕМІЗ ЖӘНЕ БЕРГЕН УӘДЕМІЗДІ ОРЫНДАЙМЫЗ!

«Нұр Отан» партиясы өзінің алдына қойған және жаңа Парламентте таяудағы бес жылда шешуге ниет ететін негізгі міндеттер осындай.

Бұл міндеттер айқын, сондықтан біз оларды табысты шешетінімізге сенімдіміз.

«Нұр Отан» - Қазақстан Президентінің партиясы және оның саяси тірегі.

Өз қызметімізде біз экономиканы индустриалдық-инновациялық жаңғырту, жоғары технологиялық және ғылымды қажет ететін өндіріс құру, отандық өнеркәсіпті, аграрлық өндірісті, шағын және орта бизнесті дамыту, күшті аймақтық саясатты қалыптастыру және ауылды

дамыту міндеттеріне ерекше назар аудара отырып, оның бастамаларын іске асырамыз.

«Нұр Отан» - даму партиясы.

Инновация мен бәсекеге қабілеттілік негізінде экономикалық өсуді біз Қазақстанның барша азаматтары өмірінің сапасын арттырудың негізі ретінде қарастырамыз. Партияның жаңа Парламенттегі қызметі мемлекеттің тыныс-тіршілігінің барлық салаларын дамытуды қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

«Нұр Отан» - нақты саясат партиясы.

Біз жауапсыз құр дабыраға ұрынбаймыз. Біз өзіміз берген барлық уәдеден шығамыз. Біздің жалпыхалықтық партия Парламентте адамдар мүддесін қорғауға және сақтауға дайын.

«Нұр Отан» - көпшіліктің партиясы.

Біз алуан түрлі этностарға жататын азаматтардың діни сенімдердің, кәсіби топтар мен қоғамның әлеуметтік жіктерінің мүдделерін білдіретін көп ұлтты партиямыз. Біздің өмірлік күшіміздің, шығармашылық күш-қуатымыз бен жасампаздық әлеуетіміздің қайнары осында.

«Нұр Отан» - болашақтың партиясы.

Біздің басты принципіміз қай кезде де болашақты көздеу, прогреске бағыт ұстау болып келді. Біз елдің дамуының барынша пәрменді жолдарын іздеуге және азаматтардың амандығы мен Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолында алға жылжуға ұмтыламыз.

«Нұр Отан» партиясы барша қазақстандықтарға серпінді экономикалық даму негізінде қазақстандықтардың өмірінің сапасын жақсарту идеясы төңірегінде бірігуді ұсынады, елдегі бірлік пен келісімді нығайтуға шақырады.

Біз, «Нұр Отан» партиясының мүшелері, өзімізге алатын жауапкершіліктің барша маңызын сезінеміз.

Біздің қоғамның алдында күрделі міндеттер тұр.

Біз оларды еңсеретінімізге берік сенімдіміз.

18 ТАМЫЗ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНЕ САЙЛАУ КҮНІ.

«НҰР ОТАН» ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНА ДАУЫС БЕРІҢІЗДЕР!

ТЕК ҚАНА БІРГЕ! ТЕК ҚАНА АЛҒА!